


Мекен - жайымыз: Ақтөбе қаласы,
индекс 030007,
М.С.Прохоров көшесі, 11- үй.
Тел./ факс 7(7132) 50-44-48, 53-01-10,
эл. почта: labrari@mail.ru,
Сайт: www.aktobeoub.kz
Инстаграмм: [biblioteka_zhienbaeva](https://www.instagram.com/biblioteka_zhienbaeva)
www.facebook.com/bibliotekazhienbaeva

Сағи Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасы

Бір ел - бір кітап акциясы - 2020



*Ұлы даланың ұлы есімдері
(Әдістемелік құрал)*

Ақтөбе 2020

Мұхтар Омарханұлы Әуезов

(1897-1961)

Мұхтар Әуезов – қазақтың ұлы жазушысы, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Өскен ортасы мен еңбек жолы

Мұхтар Әуезов қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Бөрілі деген жерде 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Әкесі Омархан мен атасы Әуез екеуі де хат танытын сауатты адам болған. Өз заманында ұлы Абаймен сырлас, ауылдары іргелес, аралас-құралас тіршілік кешкен. Бала Мұхтардың атасы Әуез – Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғанымның туған інісі. Абайдың өлеңдерін зор ықыласпен тыңдап, қағаз бетіне түскен тың туындыларымен танысып, пікір алмасатын жақын адамдарының бірі болған. Мұхтардың бала кезінен Абай мұрасына қызығушылығын оятқан да осы атасы еді. Ескіше сауаты бар, араб, парсы, түркі әдебиетімен таныс Әуезді Абай "Әуке аға", "Үлкен қожа" деп атаған. Мұхтар дүние есігін ашқанда, Абай Әуезовтердің шаңырағына шілдеханаға барған деген де естеліктер бар. Он бір жасында әкесі Омархан қайтыс болады. Осыдан кейін Мұхтар ауылдан қалаға немере ағасы Қасымбектің тәрбиесіне көшеді. Шаһарда оқу-білім жолындағы біршама ұзақ сапары басталады. Өз заманында Әуезов білімдар қазақтардың бірі болды. Алдымен, Семейдегі орыс гимназиясында бес жыл, мұғалімдер даярлайтын семинарияда төрт жыл оқиды. Әуезов Семейде "Алаш жастары" одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына ұйытқы болады. 1918 жылы мамырда Омбыда өткен Жалпықазақ жастарының



құрылтайына қатысып, оның орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Семейде "Абай" ғылыми-көпшілік журналын, "Қазақ тілі" газетін шығаруға атсалысқан. 1919 жылы семинарияны тәмамдап, қоғамдық-саяси жұмысқа белсене араласады. 1922 жылы күзде Ташкенттегі Орта Азия университетіне оқуға түсіп, "Шолпан" және "Сана" журналдарына жұмысқа орналасады. Жазушының "Қыр суреттері", "Қыр әңгімелері", "Үйлену", "Оқыған азамат", "Кім кінәлі", "Заман еркесі" әңгімелері осы басылымдарда жарық көрген. 1923 жылы маусым айында Ленинград мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет бөліміне түседі. 1924-1925 жылдары аралығында Семейдегі мұғалімдер техникумында оқытушы болып істейді. Осы аралықта "Таң" журналын шығарады. 1925 жылы Ленинградқа оралып, оқуын қайта жалғастырады. 1928 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды. Бұдан бөлек Қазақ ағарту институтында сабақ берді. 1934-1961 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде ұстаздық қызмет атқарды. Замандастары Мұхтар Әуезовті елгезек, бауырмал, ізгілікті, сырбаз адам деп сипаттаған.

Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы

Қазақтың заңғар жазушысы артына мол әрі бай мұра қалдырды. Елдің оқу-ағарту ісіне, драматургия саласына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. 20 жасында Әуезов өзінің тұңғыш көлемді туындысы "Еңлік-Кебекті" жазды. Шекспирдің Ромео мен Джульетта туралы хикаясымен желілес бұл пьеса күні бүгінге дейін қазақ сахнасынан түспей келеді. "Еңлік-Кебек" ең алғаш 1917 жылы Абайдың әйелі Әйгерімнің ауылында сахнаға қойылса, 1922 жылы Орынборда жеке кітап болып басылып шықты. Қаламгердің көптеген көркем әңгімесі, тұңғыш пьесалары Семейде жазылып, Семейде

14. Абай Крыловтың мысалдарын аударумен қай кезде шұғылданған?

- А) 80 – жылдардың аяғы
- ә) 90 – жылдардың аяғы**
- б) 70- жылдардың аяғы
- в) xx ғасырдың басы

15. Абайдан неше поэма қалған?

- А) 5
- ә) 2
- б) 3**
- в) 4

16. «Абай – қазақтың бас ақыны» дегенді кім айтқан?

- А) М.Дулатов
- ә) А. Байтұрсынов**
- б) М. Жұмабаев
- в) Ж. Аймауытов

17. Абайдың қара сөздерінің саны қанша?

- А) 44
- ә) 43
- б) 42
- в) 45**

18. Абайдың немере інісі кім?

- А) Оспан
- ә) Тәңірберді
- б) Шәкәрім**
- в) Абылай

19. Абай қай жылы дүниеден өтті?

- А) 1903
- ә) 1904**
- б) 1905
- в) 1906

20. 2020 жылы Абайдың туғанына қанша жыл болды?

- А) 175**
- ә) 160
- б) 170
- в) 165

9. Абайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдері қай жылдары жазылған?

А) 1886-1890

ә) 1886-1889

б) 1886-1888

в) 1886-1891

10. Абай Пушкин шығармаларын көбірек шұғылданған жылы қайсы?

А) 1888

ә) 1889

б) 1890

в) 1891

11. Ақын «Евгений Онегин « үзінділер күйінде неше өлең шығарды?

А) 5

ә) 6

б) 7

в) 8

12. Ақын М.Ю. Лермонтовтан қанша шығарма аударған?

А) 25

ә) 24

б) 26

в) 27

13. ... Көңілге түрлі ой салар, әнді сүйсең менше сүй! – деген өлең жолдары қай өлеңнен алынған?

А) «Көзімнің қарасы»

ә) «Бойы бұлғаң»

б) «Құлақтан кіріп бойды алар»

в) «Сегіз аяқ»

сахналанды. Әуезовтің қаламынан отыздан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың нұсқаларын қосса, елуден асып жығылады. Мұхтар Әуезов драматургиядағы жанрлық формалардың бәрін қамтыған: трагедия, комедия, драма да бар. Аса терең, мәнді шығарманың бірі – "Түнгі сарын". Туындыда таптық тартыс адам тағдырлары арқылы бейнеленеді. "Түнгі сарын" – қазақ драматургиясында жағымды кейіпкерлер проблемасын шешкен туынды. "Октябрь үшін", "Тартыс" пьесаларында Әуезов реалистік драма жасаудың түрлі-түрлі құралдарын пайдаланған.

1928 жылы Әуезов "Хан Кене" драмасын жазып бітірді. Алайда бұл трагедия тек алты жылдан кейін ғана, 1934 жылы театр сахнасында қойылды. Мұнда Кенесарының, Наурызбай батырдың, қазақ, қырғыз билерінің реалистік бейнелері жасалып, тарихи шындық пен көркем шындық табиғи бірлік тапқан.

Мұхтар Әуезовтың атын көпшілікке әйгілі еткен "Абай" журналы еді. Бас редакторы Жүсіпбек Аймауытов болды. Әуезов, көбінесе, журналист, публицист, ойшыл, философ ретінде көрініп, оның негізгі мақалаларын жазып отырды. Бертін келе "Қазақ тілі", "Шолпан", "Таң", "Сана", "Жас Азамат", "Еңбекші қазақ", "Кедей айнасы", "Жаңа мектеп", "Жас қайрат" және тағы басқа газет-журналдарда саяси, мәдени-ағартушылық, дүниетанымдық бағыттағы келелі ойларын алға тартып отырды. Ұлт-азаттық сарындары да осы кезеңде қалыптаса бастады. Алғашқы жылдары жазылған көркем шығармаларында елдің тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы суреттелсе, 20-шы жылдардың ортасына қарай ұлт тағдырына деген алаңдаушылығы шығармаларында жиі көрініс тапты. "Әдебиет тарихы" зерттеу еңбегін де жазды.

«Абай жолы» – Мұхтардың әдебиет жолындағы жарық жұлдызы

Мұхтар Әуезовтің туындыларының ішіндегі шоқтығы биік еңбегі – «Абай жолы» роман-эпопеясы. Бұл еңбек қазақ халқының тұрмысы мен қасиетін, ұлттық танымы мен болмысын тамаша суреттеген қазақ әдебиетінде бірегей орынға ие еңбек әрі бүкіл қазақ халқының мақтанышы. Алғашқыда жазушының роман жазу туралы ойы да болмаған көрінеді. Роман дүниеге келмес бұрын жазушы ақынның шығармашылығы мен өмірбаянын зерттеумен шұғылданады. Абай шығармаларының толық жинағына редактор болады, оның өмірбаянын жазады, ақын мен оның заманына байланысты тарихи деректер жинайды, орыс жазушысы Леонид Соболевпен бірлесіп «Абай» трагедиясын дүниеге әкеледі. Кейіннен Абай туралы жиналған материалдың көптігі соншалық, жазушыға роман жазуға тура келеді. Тіпті, Әуезовтің романға кірмей қалған мәліметтерінің өзі қаншама. Ал материалдың көптігі айтулы еңбектің сәтті болып шығуына өз үлесін тигізеді. Мұхтар Әуезов: «Бірте-бірте өз халқының көзі болған Абаймен мен де сол халықтың жан жүрегін ұғуға және соны бір абзал қалпында ашып беруге, жайып салуға тырыстым. Жас Абайдың жалын атқан сезімі, жігіт ағасы болған Абайдың толғаулы ойлары мен әрекеті, кәрілік меңдеген шақтағы халық қамқоры, халық ұстазы болған Абайдың тартысы мен тақсиреті міне осының бәрі сол дәуірдегі халықтың да жаны мен жүрегін ұғуға бастайтын жол еді», - деп романның жазылу сырына қанықтырды.

Бұл еңбекте жазушы өзінің дарынының барлық қырынан ашылады. Өзінің бала күніндегі әрбір сәтті есіне алып, барынша оқырманға шынайы бейнелеп беруге тырысады. Кемеңгер тұлғаның болмысын кейінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен жазушы бұл еңбекте балалық күндеріндегі Абай туралы естіген әңгімелер мен естеліктерге жан бітіріп, ақынның ғибратты өткеніне өмір сыйлады. Ол бала кезінен ақынның жары, балалары, жақындары, туыстары, достары мен ауылдастарымен Абай туралы естеліктерді ұзағынан тыңдап, Абайдың өнері мен тағлымына қанығушы еді. Жазушы Абайды ең біріншіден өз уақытының жемісі, өз заманының үні екенін жадында ұстады, соны оқырманға жеткізді.

4. Абай өлеңдерінің жүйелі, ақындық үлгіде жазылуы нешінші жылдан басталады?

- А) 1881
- ә) **1882**
- б) 1883
- в) 1884

5. Абай Е.П. Михаэлиспен нешінші жылы кездесті?

- А) 1867
- ә) 1868
- б) 1869
- в) **1870**

6. Ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі нешінші жылы жазылған?

- А) 1883
- ә) 1984
- б) **1885**
- в) 1886

7. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде ақын қандай мәселе көтереді?

- А) махаббат мәселесі
- ә) әлеуметтік теңсіздік
- б) адамгершілік мәселесі
- в) **достық мәселесі**

8. ... Ақындары ақылсыз, надан келіп, көр – жерді өлең қыпты, жоқтан қармап, - деген өлең жолдары қай өлеңнен алынған?

- А) «Қалың елім қазағым ...»
- ә) **«Өлең сөздің патшасы»**
- б) «Сегіз аяқ»
- в) «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ»

6. Абайдың әжесінің және шешесінің аттарын ата. (Зере, Ұлжан.)
7. Ділдәдән туған балалары. (Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия).
8. «Қазақтың бас ақыны -Абай Құнанбаев» деп атаған кім? (Ахмет Байтұрсынов).
9. Әйгерім кім? Әйгерімнің шын атын ата. (Абайдың екінші әйелі, шын аты Шүкіман.)
10. Абай өлеңдер жинағы қай жылы басылып шықты және қай қалада? (1909 жылы Петербуртта).
11. « Абай жолы» романын кім жазды? (Мұхтар Әуезов)
12. Абай кімге ғашық болды? (Токжанға)

Шәкәрімнің Абайға қандай туыстық жақындығы болды? (Абайдың ағасының баласы.)

2.Абай кім? (слайд) сұрақ-жауап :

1. Абайдың шын аты кім?

- А) Мұхамедканафия
- ә) Сәдуақас
- б) Ибрагим**
- в) Ақжігіт

2. Абай неше ағайынды болған?

- А) 6
- ә) 7**
- б) 8
- в) 9

3. Абай Ахмет – Риза медресесінде қай жылдары оқиды?

- А) 1855- 1860
- ә) 1855 1859
- б) 1855-1858**
- в) 1855-1857

Мұхтар Әуезов бұл романын он бес жыл уақыт шамасында жазады. Жазушы «Абай жолына» зор дайындықпен кіріседі. Абайдың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты да терең жасаған зерттеу жұмыстарын көптеген ғылыми еңбектеріне негіз етеді.

Қазақтың тұңғыш эпопеясы «Абай жолының» алғашқы тараулары 1930 жылдың басында Әдебиет журналына басылып шыға бастайды. А.Пушкиннің 100 жылдығына арнап жазған «Татьянаның қырдағы әні» әңгімесі осы «Абай жолының» бір тарауы болып енеді. Төрт томдық роман-эпопеяның біріншісі 1942 жылы, екіншісі 1947 жылы, үшіншісі 1952 жылы, соңғысы 1956 жылы жарық көреді. 1949 жылы Эпопеяның «Абай» атанған алғашқы екі кітабына КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. 1959 жылы төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Мұхтар Әуезовке «Лениндік сыйлықтың лауреаты» атағы берілді. Ұлы жазушының өшпес еңбегіне, заңғар дарынына көрсетілген бұл баға сол кездегі әдебиет пен өнерге берілетін ең жоғары, ең беделді атақ болатын.

Нәтижесінде, Мұхтар Әуезов әлемдік әдебиет алыптарының қатарынан ойып тұрып орын алды. Қазақ тілінің байлығы мен тазалығын әлемге паш еткен «Абай жолы» эпопеясы аса жоғары бағаланды да, дүниежүзілік әдебиеттің классикалық шығармасы қатарында адамзат рухани байлығының алтын қазынасына енді. Роман жаһан халықтарының 116 тіліне аударылды. «Абай жолы» роман эпопеясын француз тіліне аударған Луи Арагон: «Менің ойымша «Абай жолы» эпикалық романы – XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі. Бұл роман оқушыға қызықты қиял мен ерекше ой өлкесін кездіріп, талай терең толғаныстар тудырады. Бұл шығарма кеңес әдебиеті туындыларының маңдай легінен орын алады деу аздық қылады, әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарманы табу қиын», - деп бағалайды.

"Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан".

Бұл Абай елінде туып, жастайынан ақынның өсиеттерін құлағына сіңіріп өскен Мұхтар Әуезовтің сөзі.

"Бір жылы жазғытұрым өз әкем Абай кітабы келеді деп, өзімді көп уақыт бір үлкен сыйлық беретіндей дәмелендіріп жүріп, аяғында қар кетіп, ақ шығып келе жатқанда сол кітапты әкелді. Абайдың өлеңдерін жақсы көрдім. Бәрін ұқпасам да, ұйқастың өзі де

қызығатындай әсер етеді. Бірақ әкем ылғи жаттатқанда, қайдағы ұзақ қиын сөздерді беретін. Соның ішінде "Ат сынынан бастап", "Алланың өзі де рас, сөзі рас" деген өлең сөздерін жаттағанымды білемін", -деп еске алған еді Әуезов.

Мұхтар Әуезов туралы ...

«Мұхтар Әуезов - шақар шабытты және бақытты жазушы».

Николай Тихонов

«Қазақтың әр жазушысы «Абай» арқылы әдебиетіміз жаңа бір сатыға көтерілгенін ескеріп, қолына қалам алғанда, сол сатыға көтерілуді, сол саты арқылы одан да жоғары көтерілуді арман етсе деймін».

Ғабит Мүсірепов

«Әуезов үлкен гуманист адам еді. Ол өз халқын, оның биік мәдениетін шексіз сүйетін. өзге халықтың әдебиетін өз халқының әдебиетіндей, терең түсініп, оны құрмет тұтып, үнемі қошеметтеп отыратын»

Александр Корнейчук

«Мен қазақтар туралы бұрын ешқашан естіген емеспін. Ал енді жуырда ғана Мұхтар Әуезовтің ағылшын тіліне аударылған ғажайып кітабын оқып шыққаннан кейін бұл халықты білетін болдым. Мен шын көңіліммен сіздердің бақытты халқыңызға қызығамын, ал өздеріңізді мәңгі өшпейтін шығармамен құттықтаймын»

Бенжамен Матип

«Тапқыр болсаң, тауып көр»

(Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығынан)

Мақсаты: Оқушылардың зеректік қабілетін дамытып, ой өрісін кеңейту, білімге құштарлығын арттыру, озық ойлы оқушыны анықтау, ойын сабақтарға белсенділігін дамыту, қоғамдық, көпшілік орындарда өзін-өзі мәдениетті ұстай алатын, өз пікірін еркін жеткізетін, өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі де сабырлы тұлғаны тәрбиелеу.

Түрі: Интеллектуалды ойын. Жаңа технологиялар арқылы сұрақ-жауап т.б. Ойынның мақсатымен таныстыру бойынша оқушылардың білімін және оларды жүйелеу арқылы жеңімпазды анықтау. Ойынның шартымен таныстыру. Ойыншымен таныстырылады, ортаға шығады, ойын басталады.

Жүргізуші: Әрине, Абай Құнанбаев туралы айта беру артық емес. Бір қарағанда таныс тақырып, таныс бейне секілденгенмен, ол туралы білетініміз тым аз - ау. Ұлылықтың сырына қанық болғымыз келсе, даралықтың қандай болатынын ұғынғымыз келсе, дана Абай әлемін шарлап қайталық, құрметті балалар!

1.Абай кім? (бейнеролик) қонақтармен диолог.

1. Абай алғашқы өлеңдерін қай ақынның атынан жарияланып отырды? (Көкбай).
2. Абай туралы ең алғаш мақала жазған кім? (Әлихан Бөкейханов, 1903жылы Петербургта жазған).
3. Абайдың қанша күйі бар? Аттарын ата. (Үшкүйі бар: «Токжанға», «Май түні», Абайдың желдірмесі»).
4. Абайдың аяқталмаған поэмасы. («Әзім әңгімесі».)
5. Абай Лермонтовтан қанша шығарма аударған? (Жиырма жеті шығарма аударған).

2-кітапханашы:

Кешегі қазақтың ежелгі мекені Ұлы Дала, қазіргі Мәңгілік ел - Қазақстан шетсіз де шексіз. Алтайдан Каспийге дейін созыла сұлап, Батысы Сібір ойпаты, Шығысы Тянь-Шань тауларының теріскейін ала көсіліп жатқан осынау Ұлы даланың жері де Ұлы, тылсым терең тарихы да Ұлы, өскелең ұрпаққа деген Ұлағаты да Ұлы. Түптамыры түркіден тарайтын ортақ Дала өркениетінің ұлан ғайыр кеңістігінде ежелден бастап-ақ гүлдене қанат жайған бұл мәдени үрдіс Қазақстанның қазіргі шекарасымен ғана шектелмесе керек.

Әбу Насыр Әл-Фараби бейнесі жазушы Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» шығармасында Ұлы дала елінің жүрегінен орын тауып, туған жерінің тарихында жазылып, мәңгілік есте қалады.



«Жазушы және филолог Мұхтар Әуезов тамаша кітап жазумен қатар, бізге белгісіз жаңа әлемді ашты... Әуезовтің романын аса майда әшекейлерге толы, әрі басты желі, басты ой сақталатын шығыстың ою-өрнектерімен салыстыруға болады. Әуезовтің романы – талғампаз оқырманның өмірінде үлкен оқиғаға айналатын туынды (шығарма)»

Герберд Кремпиан

«Мұхтар Әуезовтің «Абай» романын қазақтың ұлы ағартушысы және реалистік қазақ поэзиясының негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың өмірбаянын көркем суреттеу ретінде ішінара ғана қарауға болады. Осы өмірбаяндық романның мағынасы әлдеқайда кең, ол – қазақтардың өмірінің, ғұрыптары мен мәдениетінің нағыз әдеби энциклопедиясы»

Франтишек Соукуп

«1942 жылы «Абай жолы» романының жариялануы Әуезовтің даңқын бүкіл әлемге жайды. Француз басылымының алғысөзінде Арагон жазғандай, «роман ХХ ғасырдағы аса жоғары туындылардың бірі. Ол ойлар мен бейнелердің тұтас әлемін қамтиды». Айшықты жады және егжей-тегжейлі көріністе Әуезов бізді даланың ортасына, Абайдың туып-өскен тобықты руына еліктіріп әкетеді. Бұл кітап толғандыратын роман болумен қатар нағыз этнография оқулығы. Кітапта барлығы ғылыми дәлдікпен жазылған: әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, қарым-қатынастар – бүкіл қазақ мәдениеті... Әуезовтің роман жазудағы техникасы мен шеберлігі Бальзакқа немесе Золяға барабар»

Реми Дор

«Абай» эпопеясының тағы бір ұлылығы мынада, ол шығармашылықтың қыр-сырына, өмір мен поэзияның құпиясына барынша терең үңіле білген, ақындар мен поэзия туралы әлемдік әдебиеттегі ең озық, ең шоқтығы биік туынды»

Михаил Луконин

«Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бірде-бірі бұл кітапты жаман ете алмайды: ғалым-филолог одан қазақ әдеби тілінің тууы мен қалыптасуын көреді; ғалым-этнограф көне заманмен қоса көрінген небір тұрмыстық бейнелер мен өмір құбылыстарын біледі; ғалым-юристер шарифаттан бастап, билер кесіміне шейінгі даланың заң жобаларынан бағалы мағлұматтар жинайды».

Қаныш Сәтбаев

«Әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарма табу қиын; бұл, менің ойымша, ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі»

Луи Арагон

«Сіз әлі «Абай» романын оқыған жоқсыз ба? Ендеше, ештеңе оқымаған адамсыз. Қандай тылсым, әрі ғажайып туынды! Жанданған дала өзінің тамаша жаратылыстағы табиғатымен, ишарасымен және кесек мінездерімен қайран қалдырады. Шекспирлік қым-қуыт оқиғалар қандай десеңізші! Сіз ешқандай ғылыми зерттеуде жоқ дәуірді сезінесіз! Ал поэзия ше! Осы проза түрінде жазылған көлемді екі кітаптан бірде-бір прозалық жолды кездестірмейсіз»

Альфред Курелла

5. Ойын анық, дәл бере алатын, көркем сөйлей алатын шешен;
6. Ілім-білімді, оқу-ғылымды жан тәнімен, ұңғыл-шұңғылын ақыл-ой жұмысының үлкен бейнетін тек ләззат санайтын адам;
7. Қайда жүрсе де өте ұстамды;
8. Өтірік-өсекті, мылжындықты жек көріп, шындықты, әділдікті бар ынтасымен сүйе білу;
9. Өр кеуделі, жан мен арын бірдей кіршіксіз ұстайтын адам;
10. Мал-мүлікке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау;
11. Табиғатынан әділ, шынайы, шыншыл;
12. Басқаға дау, өзіне де қиянат қыңыр-қиқар болмай, әркез шешімге келе алатын байсалдығы мен батылдығы қатар жүре алатын, қорқыныш пен үрейге жол бермейтін адам;

Осылайша бабамыз Әл-Фараби өнегелі ұстаз бен әділ билеушіге ортақ 12 қасиетке мән береді де, бұған қосымша жұртты аузына қаратқан даналық, заң мен әдеп ғұрыптар, іс-әрекеті осыларға сәйкес болды.

1 - Кітапханашы:

Әрине, Әбу Насыр әл-Фараби ең алдымен кезінде «Шығыстың Аристотелі» атанған есімі әлемге мәшһүр философ болды. Ол көне заманның Платон, Аристотель, Гален сияқты ақыл-ой алыптарының шығармалары туралы көптеген трактаттар мен түсіндірмелер жазды. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылыми қауымын грек философиясымен, логика ғылымымен, ежелгі мәдениетімен таныстыруда зор рөл атқарады. Фарабидің «Ақылдың мәні туралы трактат», «Данышпандықтың інжумаржаны», «Ғылымдардың шығуы», «Философияны оқу үшін алдымен не білу керек», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» («Поэтика», «Риторика», «Софистика» т. б.) сияқты зерттеулері оның есімін әлемге философ ретінде танытты.

1 - Кітапханашы:

Әл-Фараби – өздігінен оқып жетілген ғалым. Ол ең алдымен грек ғылымын, оның фәлсафасын, әсіресе Аристотельдің еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халиланың айтуына қарағанда Әбу Насыр Аристотельдің «Метафизикасын», «Жан туралы» еңбегін жүз, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан сияқты. Осындай ыждағаттылығының арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын еркін игерген. Оның фәлсафалық еңбектерінің басым көпшілігі грек ғылымдарының, әсіресе, Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған.

Әбу Насыр Аристотельдің «Категория», «Бірінші және екінші Аналитика» сияқты фәлсафалық және логикалық шығармаларына түсіндірмелер жазған.

2 - Кітапханашы:

Әл-Фарабидің «Ғылымдар энциклопедиясы» трактатының ғылым тарихында алатын орны ерекше. Әл-Фарабидің трактатарынан үзінді берсек.

(Фараби трактаттары)

1 - Кітапханашы:

Әл-Фараби түсінігінде, ұстаз да қала басшысы сияқты ел жетекші, халық қадірлісі. Медресе балаларды оқытып, тәрбиелесе, қала бастығы олардың ата-анасына өнеге көрсетеді, халықты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса мұның екеуі де “сегіз қырлы, бір сырлы” қай жағынан да болса барша халықтан қош ілгері тұрған кісілер. Сондықтан бұл екеуіне де мынадай 12 түрлі қасиет болған еді:

1. Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейім болуы;
2. Нені болса да жақсы айырып, тез тұжырымға келе алатын;
3. Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын;
4. Көреген ойлы, талғампаз, ақылды адам болуы;

Абай туралы қанатты сөздер:

«Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы –соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ»

Ахмет Байтұрсынұлы

«Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол».

Міржақып Дулатұлы

«Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы — заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр».

Мұхтар Әуезов

«Абай өз заманынан анағұрлым биік тұрған ақын еді»

Ғабит Мүсірепов

«Абай әлемге ашылған терезе еді, оның жаны жаңарып жатқан дүниенің алыстағы сарынын сезе білді... Гете мен Толстой сынды көптеген заңғар гуманист тұлғалардың далалық бауырласы екенін танытты».

Шыңғыс Айтматов

«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс».

Нұрсұлтан Назарбаев

Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжанов (1930–1993)

Талдықорған облысы, Сарқанд ауданындағы Қарлығаш ауылында 193 жылы 12 мамырда туған. Алдымен шешеден, 1941 жылы әкеден жетім қалған ол интернатта, балалар үйінде тәрбиеленіп, білім алған. 1949 жылы Лепсі педагогика училищесін, 1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімін бітірген. Жазушы өзінің журналистік қызметін облыстық «АлмаАтинская правда» газетінен бастаған.

1955 жылы наурыз айынан бастап «Литературная газетаның» Қазақстан бойынша меншікті тілшісі, кейінірек «Ленинская смена» газеті редакторының орынбасары, Қазақстан және Қырғызстан республикалары бойынша «Правда» газетінің тілшісі, «Қазақфильм» студиясының Бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, республикалық тарихи ескерткіштер мен мәдениетті қорғау жөніндегі Қазақ қоғамы Орталық кеңесі президиумының төрағасы, КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Жазушы Азия және Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі комитеттің, Африка халықтарымен достықтың Қазақ Ассоциациясы Президиумының, Африка халықтарымен достықтың Ассоциациясы Басқармасының мүшесі, Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаты болды. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлықтың лауреаты. «Құрмет Белгісі», Халықтар Достығы ордендерімен марапатталған. Қазақстанның Халық жазушысы.

Шығармалары

Белый друг, желтый друг, черный друг. Очерк. А., ҚМКӘБ, 1958; Когда встречаются друзья. Очерк и рассказы, А., ҚМКӘБ, 1959; Вечные корни. Очерки и рассказы, А., ҚМКӘБ, 1960; Пятьдесят тысяч миль по воде и суши. Очерки и рассказы. А., ҚМКӘБ, 1962;

нәтижесі. Оны «Великий Мухаммед из Отрара» мақаласы анық аңғартады.

1 - Кітапханашы:

Әнуар Әлімжанов данышпан философ әл-Фараби жайын баяндайтын шығарма – “Ұстаздың оралуы” атты романында ақылгөй-ғалымның өмірі әр түрлі қырынан беріледі. Осы романға іргелі талдау жасаған көрнекті ғалым Р.Бердібаев әл-Фараби бейнесін “Ол өзі жасаған музыкалық аспап – “қыпшағиға” қосылып ән де айтатын, күй де тартатын, қаламды ғана емес, қаруды да ұстай білетін, досқа мейірімді, шапағатшыл, әділдік үшін басын қатерге тіге алатын тұтас тұлға ретінде елестеткенін”, – жазады.

2 - Кітапханашы:

Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі – Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби. Оның толық аты жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Мұхамед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби. Яғни, әл-Фарабидің өз аты Әбу Насыр Мұхамед, әкесінің ныспысы да Мұхамед, бабасының есімі Тархан, арғы атасы – Ұзлағ. Түрік оқымыстыларының Әбу Насыр ныспысының соңына кейде «әл-түрки» деген сөзді қосып, оның түркі текті екенін шегелей түседі. Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб қаласында әскербасының отбасында дүниеге келген. Әл-Фараби алғаш Отырар медресесінен дәріс алады. Сосын Шаш, Самарқанд пен Бұқара шаһарларын аралап, Бағдадта білім алады. Ол медицина ғылымы мен логиканы Йуханна ибн Хайланнан, жаратылыстану ғылымдары мен грек тілін Әбу Башр Маттадан үйренеді. Әбу Насыр көп дәріс алып, білімін молықтырып, Бағдадқа қайтып оралады. Бар ынта-жігерін фәлсафаны зерттеуге арнайды.

бен әдебиетіміз әспеттеп келе жатқан Қозы мен Баян махаббаты жайындағы көне дастан туған жерде жасалды. Ол өңір – біздің халқымыз, мәдениетіміз үшін ең қасиетті, киелі жер». Мұндай батыл пікірлер тек еліне шын берілген егей ерлердің ғана аузынан шығады. Осындай адамзаттық проблеманы қазақтың баласы Әнуар Әлімжанов әлемге әйгіледі. Бірақ сол еңбегі үшін ол ешқашан мақтанған емес.

2 - Кітапханашы:

Әнуар Әлімжанов қай елге қашан барса да, оның тарихымен, әдебиетімен, өнерімен, қаламгерлерімен танысуды және оларға Қазақстанның, қазағын танытуды мақсат еткенін мақалаларын, кітаптарын оқығандар жақсы біледі. Шет жұртқа сол тілдерге аударылған кітаптарымен ғана емес, осы бір дәнекерлік қызметімен де танылғаны анық. 1967-жылы шет елдерге кезекті бір сапарында Қараши қаласына ат басын тіреген Әнуар Әлімжановты Пәкстанның көрнекті суретшісі Салых Айын Орталық банк ғимаратына, сурет галереясына алып барыпты. Онда қазақы ренді бір кісінің домбыра ұстап тұрған суретін көре қалған Әнуар Әлімжанов: «Бұл кім?» дегеніне Салых: «Бұл - Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби. Әбу Синадан бастап барлық ғұламаларымыздың екінші ұстазы. Біздің осында орналасқан кітапханамызда Аристотельдің, Эвклидтің, Птоломейдің еңбектеріне жазған түсініктері, өзінің көптеген жазбалары бар», деп жауап қайырыпты. Ол сол суретті көкірек көзіне көшіріп алып, елге оралысымен қылқалам шеберіміз Ыбыраев Бекке айтып отырып салдырып, бабамыздың бүгінде бізге қымбат бейнесін алғаш жасатты! «Ұстаздың оралуы» атты роман жазды. Бұл тарихи романы - ерқашанғысынша мұқият зерттеуінің

Пылающее копье. Очерки и рассказы. А., «Жазушы», 1976; Караван идет к солнцу. Повесть, А., ҚМКӘБ, 1963; Синие горы. Повесть. А., ҚМКӘБ, 1964; Сувенир из Отырара. Повесть А., «Жазушы», 1966; «Мость Карасункара». Повесть. А., «Жазушы», 1969; Стрела Махамбета. Роман. А., «Жазушы», 1969; Гонец. Роман. А., «Жазушы», 1974; Возвращение учителя. Роман. А., «Жазушы», 1978; Избранные в 2х томах. А., «Жазушы», 1979; Көгілдір таулар. Повестер. А., «Жалын», 1982; Дороги людей. Роман. М., «Советский писатель», 1984. Бұл кітаптардың басым көпшілігі Алматыда қазақ тілінде, Мәскеу баспаларында орыс тілінде басылды.

Әнуар әлемі

«Әлі талай жылдар өтер. Жаңа ұрпақ келер. Сонда олар халқымыздың рухани қазынасына кімнің қандай үлес қосқанын таразыға салып, бағалайтын болады. Сонда олар біздің заманымыз туралы ғана емес, ғылым мен мәдениеттің қарыштап алға басуына ақыл-ой жұмсаған дана адамдар жайлы тебірене айтатын болады. Өмірлері ерлік болған қасиетті есімдердің арасында Мұхтар ағаның да есімі жарқырап көрінетіні анық».

Бұл қазақтың біртуар ұлы Әнуар Әлімжановтың Мұхтар Әуезов туралы айтқаны еді. Бүгінгі ұрпақтың «сол қасиетті есімдердің» арасына өзін де қосатынын білді ме екен Әнекең. Мұхаң да көзі тірісінде: «Мен үшін басын балтаның астына төсеген Әнуардың азаматтығына, өлсем, топырағым риза» деп кетті емес пе?! Алаштың екі Алатауының осындай өр тұлғаларына сүйінбеске шараң жоқ. Әнуар Әлімжанов – «ақ мылтық» журналист. Ол «Литературная газетаның» белді тілшісі болды, «Қазақ әдебиетінің» редакторы қызметін атқарды. Қазақтан шыққан тұңғыш «халықаралық шолушы» атанды. Жазушы Ахат Жақсыбаевтың сөзімен айтсақ, қысылтаяң кезде Әнекеңнің азаматтық үні естілетін. Қатпары қалың күрделі мәселелерге араласып, елді елең еткізіп, «Әлімжанов жазды» дегізетін. Осы сөзіміздің бір дәлелі ретінде мына әңгімені айта кетуге болады. Қазақтың арда туған азаматы Болатхан Тайжан бірде Әнуар Әлімжановқа Қазақстанға тың игеруге баратын Кеңес Одағының азаматтарына жасалынатын көмек туралы қаулыда қазақ халқының әдейі шеттетілгенін айтады. Мұны естіген Әнекең Бүкілодақтық әдебиет институты өткізген кездесуде арнайы сөйлеп, одан кейін

газетке мақала шығарып, жаңағы қаулының нағыз өктемдіктің бір фактісі болғанын, одан қазақ халқы материалдық та, моральдық та орасан зиян шеккенін өткір жазады. Осындай «ұлтшылдығының» кесірінен Әнуар Лениндік сыйлықтан қағылды. Ол қарымды қаламгер еді. «Көгілдір таулар», «Отырар ескерткіші», «Махамбеттің жебесі» сынды қадау-қадау шығармаларын айтпағанда, бір ғана Әбу Насыр әл-Фараби бабамызға арналған «Ұстаздың оралуы» бүкіл қазақ қауымына Фарабиді таныстырып, ұлт мақтанышына айналдырды. Өзі сапарда болған барлық елдерде ұлы бабамыз туралы лекция оқыды. Мұның өзі қазақты дүниеге таныстырған алғашқы қадамдардың бастауында тұрды. Ол қарапайым басшы болды. Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшылығынан КСРО Жоғарғы Кеңесі республика кеңесінің төрағалығына дейінгі аралықта талай лауазымды қызметтің тұтқасын ұстады. Бұл туралы Әнекеңнің қаламгер інісі Қалихан Ысқақ: «Әнекең саясатқа да сыя білген, саясатты алдай да білген. Желдің соғуына қарай ескегін әзірлеп отыратын еді. Оның араласпаған ісі жоқ. Керекті де, керексіз де науқандардан тыс қалмай, соның бәрінен де ұлтына қажет бір нәрсені қарпып қалуға тырысты, солардың бәрінен де әлеуметтік мән іздеді» деп салмақты ой айтады. Әнуар Әлімжановтың басшылық қызметте жүргенінде халықаралық деңгейдегі атқарған аса маңызды еңбектерінің бірі – Азия мен Африка елдері жазушыларының 1973 жылы Алматыда өткізілген V конференциясы. Екі құрлықтың қаламгерлерін қасиетті қазақ жерінде жүздестіру кез келген адамның қолынан келе бермесі анық. Дегенмен бұл конференцияны Әнуар абыроймен ұйымдастырды. Қазақ жазушыларын әлемге таныстыруға мұрындық болды. Әнуар Әлімжановтың ұлттық қайраткер болғаны да бүгінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс. Биыл Қазақ елінің ұйытқы болуымен 30 тамыз – Халықаралық «Ядролық қарудан бас тарту күні» болып жарияланды. Мұндай адамзаттық игілікке қол жеткізуіміздің тарихы әріде жатқанын ұмытпағанымыз абзал. Семей полигонын жабуға Әнуар Тұрлыбекұлы да орасан зор үлес қосты. Бұған оның 1989 жылы, шілденің 17-19-ы күндері, Семей қаласында өткізілген ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі куә. «Сынау

2 - Кітапханашы:

Талдықорған облысы, Сарқанд ауданындағы Қарлығаш ауылында 193 жылы 12 мамырда туған. Алдымен шешеден, 1941 жылы әкеден жетім қалған ол интернатта, балалар үйінде тәрбиеленіп, білім алған. 1949 жылы Лепсі педагогика училищесін, 1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімін бітірген. Жазушы өзінің журналистік қызметін облыстық «АлмаАтинская правда» газетінен бастаған.

1955 жылы наурыз айынан бастап «Литературная газетаның» Қазақстан бойынша меншікті тілшісі, кейінірек «Ленинская смена» газеті редакторының орынбасары, Қазақстан және Қырғызстан республикалары бойынша «Правда» газетінің тілшісі, «Қазақфильм» студиясының Бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, республикалық тарихи ескерткіштер мен мәдениетті қорғау жөніндегі Қазақ қоғамы Орталық кеңесі президиумының төрағасы, КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Жазушы Азия және Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі комитеттің, Африка халықтарымен достықтың Қазақ Ассоциациясы Президиумының, Африка халықтарымен достықтың Ассоциациясы Басқармасының мүшесі, Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаты болды. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлықтың лауреаты. «Құрмет Белгісі», Халықтар Достығы ордендерімен марапатталған. Қазақстанның Халық жазушысы.

1 - Кітапханашы:

1990 жылы Ұлыбританияның қауымдар палатасында сөйлеген сөзінде де Әнуар Әлімжанов: «Мен қазақ, қазақтың ұлы ретінде сіздерге мынаны айтуға тиіспін: бұл жарылыстардың бәрі біздің жеріміздің қасиетті өңірінде, біздің бүкіл көркем өнеріміз

«Бір ел- бір кітап» акциясы аясында таңдалған
Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы мен
Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1500 жылдығына орай өткізілетін
**«Ұлы Даланың дана философы, ғұлама ұстаз Әл-Фараби»-
атты әдеби кештің сценарийі**

Мақсаты: Әнуар Әлімжановтың өмірбаяны, шығармашылығы және «Ұстаздың оралуы» романында орта ғасырларда өмір сүрген Әбу Насыр әл-Фарабидің тарихи бейнесін жасағанын оқырмандарға таныстыру, өлеңдерін, аудармаларын насихаттау.

1 - Кітапханашы:

Құрметті қауым «Бір ел- бір кітап» акциясы аясында таңдалған Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы Қазақстанның түкпір-түкпірінде аталып өтуде. Біздің кітапханада акция аясында жұмыстар ұйымдастыруда.

«Әлі талай жылдар өтер. Жаңа ұрпақ келер. Сонда олар халқымыздың рухани қазынасына кімнің қандай үлес қосқанын таразыға салып, бағалайтын болады. Сонда олар біздің заманымыз туралы ғана емес, ғылым мен мәдениеттің қарыштап алға басуына ақыл-ой жұмсаған дана адамдар жайлы тебірене айтатын болады. Өмірлері ерлік болған қасиетті есімдердің арасында Мұхтар ағаның да есімі жарқырап көрінетіні анық».

Бұл қазақтың біртуар ұлы Әнуар Әлімжановтың Мұхтар Әуезов туралы айтқаны еді. Бүгінгі ұрпақтың «сол қасиетті есімдердің» арасына өзін де қосатынын білді ме екен Әнуар Әлімжанов.

Мұхтар Әуезовте көзі тірісінде: «Мен үшін басын балтаның астына төсеген Әнуардың азаматтығына, өлсем, топырағым риза» деп кетті емес пе?! – депті.

Міне, Алаштың екі Алатауының осындай өр тұлғаларына қалай сүйінбес ?- дей келе жазушының өмірі мен шығармашылығына тоқталсақ.

басталған кезде бәрі де бұлыңғыр болды. Не екенін түсіну мүмкін емес-ті. Академик Сайым Балмұханов жаңа айтып өткендей, бұл жерде мыңдаған, миллиондаған тажал жасырын жатыр. Олар жер бетіне шыққанда не күй кешеміз? Біздің бала-немерелеріміз, арғы ұрпақтарымыз ол тажалдан аман қала ала ма? Біз оларға не қалдырмақпыз? Уланған ауа, уланған топырақ, уланған су. Таза қайнарларымызды ластадық, олардың маңын залалды батпақ пен шілікке айналдырдық. Төңірегіміз тажалға толы. Қазақстанның халі, міне, осылайша қатерлі». ...«Қалай болғанда да, қаншама қымбатқа түссе де, полигонды жабу керек, әкету керек!» 1990 жылы Ұлыбританияның қауымдар палатасында сөйлеген сөзінде де Әнуар Әлімжанов: «Мен қазақ, қазақтың ұлы ретінде сіздерге мынаны айтуға тиіспін: бұл жарылыстардың бәрі біздің жеріміздің қасиетті өңірінде, біздің бүкіл көркем өнеріміз бен әдебиетіміз әспеттеп келе жатқан Қозы мен Баян махаббаты жайындағы көне дастан туған жерде жасалды. Ол өңір – біздің халқымыз, мәдениетіміз үшін ең қасиетті, киелі жер». Мұндай батыл пікірлер тек еліне шын берілген егей ерлердің ғана аузынан шығады. Осындай адамзаттық проблеманы қазақтың баласы Әнуар Әлімжанов әлемге әйгіледі. Бірақ сол еңбегі үшін ол ешқашан мақтанған емес. «Бізден бұрын ядролық қауіп туралы Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов айтты. Біз басталған әңгімені жалғастырушы ғанамыз» деп кішілігін танытты. Өкініштісі, Әнуар Әлімжановтың бұл еңбегі қазірге назардан тыс қалуда. Өйткені елімізде ядролық қаруға қарсы ұйымдастырылған көптеген іс-шараларда оның еңбегі еленбек түгілі, есімі ауызға да алынбады. Жалпы, Әнуар әлемі бүгінгі ұрпаққа еңбекқорлығымен, батылдығымен, қайсарлығымен қымбат. Оның азаматтық ұстанымдары кезінде тек Одақ көлемінде ғана емес, Халықаралық деңгейде әйгіленді. Талай тартысты жиындарда қазақтың даңқын аспандатты. Қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен еліне сыйлы болды. Ендігі міндет Әнуар мұрасын танып-таразылап, ұрпақ кәдесіне жарату деп ойлаймыз.

Біләл Қуаныш

Қаламдас достары: - Әлем картасынан Әнуар болған елді іздегеннен гөрі ол болмаған елді іздеу оңай, - деп әзілдегендеріндей, дүние жүзінің алпыс шақты елін аралаған Әнекең мақала, хикая, романдарын пойызда, ұшақта, кемеде, тіпті автокөлікте отырып та жаза берген тәрізді. Ол қалам тартып үлгімеген тақырып, мән-мәнісін ашып бермеген мәселе жоқ дерсің.

Әнуардің Совет Одағында, халықаралық деңгейде беделді қазақ болғанын білеміз. Оның қаламгерлігіне, адамгершілігіне тәнті болған замандастары жазбаша шерткен сыр қанша ма?!. Мен Әнуармен жиырма жыл бойы інісіндей пікірлесіп, сырласып жүрдім, оның он жылында «Қазақ әдебиеті» гәзеті редакциясында және Жазушылар одағы аппаратында қызметтес болдық.

Әнуар қай елге қашан барса да, оның тарихымен, әдебиетімен, өнерімен, қаламгерлерімен танысуды және оларға Қазақстанның қазағын танытуды мақсат еткенін мақалаларын, кітаптарын оқығандар жақсы біледі. Шет жұртқа сол тілдерге аударылған кітаптарымен ғана емес, осы бір дәнекерлік қызметімен де танылғаны анық. Иә, ат басын тіреген елде қазаққа қатысты бір игі істі көрсе, соған балаша қуанып, оны бізге жеткізуге асығатын еді. 1967-жылы болар, шет елдерге кезекті бір сапарында Қараши қаласына ат басын тіреген Әнуарді Пәкстанның көрнекті суретшісі Салых Айын Орталық банк ғимаратына, сурет галереясына алып барыпты. Онда қазақы реңді бір кісінің домбыра ұстап тұрған суретін көре қалған Әнекеңнің: «Бұл кім?» дегеніне Салых: «Бұл - Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби. Әбу Синадан бастап барлық ғұламаларымыздың екінші ұстазы. Біздің осында орналасқан кітапханамызда Аристотельдің, Эвклидтің, Птоломейдің еңбектеріне жазған түсініктері, өзінің көптеген жазбалары бар», деп жауап қайырыпты. Әнуардің сол сәтте қандай

Барлас болса «Қобыланды» жырын жатқа жырлауы соның ішінде Тайбурылдың шабысы Абайға өте үлкен әсер етеді.

2-кітапханашы:

Жұт жұтамын, жалмаймын деп келді. Байға да, кедейге де қаһарын шаша келді. Осы кезде Абай үлкен ерлікке барады, жұтқа ұшыраған елді аман алып қалуға тырысады. Кедейлердің малдарын Құнанбайдың үш қорығына қаптатып жібереді. Сол жұттан бүкіл халықты аман сақтап қалуға Абай белсене, білегін сыбана кіріседі. Әкесінің айтқан сәлеміне де қараған жоқ. Осыдан Абайдың кедейлерге жаны ашып, адамгершілікті биік ұстаған гуманист, қайсар екенін көреміз.

1-кітапханашы:

Аманатқа қалдырылған Құнанбайдың тоқалы Айғыздан туған Кәмшаттың аянышты тағдыры, Бөжей мен Құнанбай арасындағы жауластықты одан сайын өршітіп жібереді. Арада біраз уақыт өткеннен кейінгі Бөжейдің өлімі. Бөжейдің қайтыс болғанын Құнанбай ауылына естіртпейді, хабар айтқызбайды. Құнанбай болса бүкіл Тобықты руын уысында ұстап отырған шонжар, бұл бөлектеу, елемеу оның намысына тиеді.

Абай Бөжей асына жақсы даярланып, Найман елінен келгендер мен Бөжейдің нағашы жұртын жақсы күтеді. Осы асқа даярлықты Абайдың өзі басшы болып, неше күн ұйқысыз демалыссыз атқарады. Асқа әкелінген тағамның мол, асып төгіп берілуі, сонымен қатар асқа келген қонақтарды күтуіне ешқандай мін таға алмаған жұрт Абайдың азаматтығын көреді.

1-кітапханашы:

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өмір сүрген Абайдың жұмбақ та, арпалыспен өткен өмірі міне осылай аяқталды.

Абайдың осы мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайды.

Абай сияқты даналарымыздың қалдырған із ешқашанда өшпек емес

қорқытып, біраз әуреге салады. Міне, осы бала Абайдың ойында ештеңе жоқ. Алаңсыз балалық шақ. Жүрегі шайдай ашық. Осыдан барып біз Абайдың әлі жас, буыны бекімеген шәкірт – Абай екенін көреміз.

2-кітапханашы:

Қарашоқыдағы қанды оқиға.

Қодар мен Қамқа өлімі.

Өзі сүйген әкесінің осындай сұмдық қатыгездікке барады деп Абай үш ұйықтаса түсіне де кірмеген, ойламаған. Қазақ даласындағы қатыгез заң-дәстүрдің құрбаны болған Қодар мен Қамқа өлімі жас Абайды теңселтіп жібереді. Сол қатыгез үкімнің әміршісі-өз әкесі, өзінің туған әкесі-Құнанбай. Ешкімге басын имеген Тобықты руының шонжары, сұлтаны-Құнанбай.

Романда Абайдың «тас аттық жасағандарға» деген ызасы да, қарғысы да бар. Сонымен қатар Қодар мен Қамқаға деген аяушылық пен мейірбандылық та бар. Әсіресе өзінің туған әкесі Құнанбайды осы жаман іске қимас қиналыс та бар. Енді бір жағынан өзінің туған әкесі Құнанбайдан қорқу, шошу, үрку де бар. Романда М.Әуезов Абайды қиянатшыл заманның сұмдығымен беттестіреді, сол сұмдықтың бас пәлекоры Құнанбай екенін ашып көрсетеді. Осы Қарашоқы оқиғасынан кейін Абай шошып, ауырып қалады. «Абай жолы» романы ескілік пен жаңаның арасындағы тартылысты, сол ескілік шоғырланған жексұрын көрініс – міне Қодар мен Қамқа трагедиясы.

1-кітапханашы:

Бай қонақтары. Барлас, Байкөкше.

Абай осы сұмдық оқиғадан кейін қатты ауырып қалады. Абайдың көңілін аулау үшін әжесі Зере мен анасы Ұлжан өздерінің әңгіме, ақыз, дастан, ертегілерімен сусындандыра білді. Әжесі Зере «Еділ-Жайық», «Құла Мерген» сияқты аңыздарды Абайға айтып береді. Абайдың көңілін көтеру үшін алыстан Барлас пен Байкөкше ақындарды шақыртады. Байкөкше халық ауыз әдебиетінде кеңінен тараған «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» жырын айтса, ал

сезімге бөленгенін ойлап байқаңызшы!.. Ол сол суретті көкірек көзіне көшіріп алып, елге оралысымен қылқалам шеберіміз Ыбыраев Бекке айтып отырып салдырып, бабамыздың бүгінде бізге қымбат бейнесін алғаш жасатты! Ғұламаның ғылыми мұрасын іздестіруші, зерттеуші Ақжан Машанов ағамызбен қанаттасып, әл-Фараби еңбектерінің өзімізге оралуына көп күш жұмсады. «Ұстаздың оралуы» атты роман жазды. Бұл тарихи романы - әрқашанғысынша мұқият зерттеуінің нәтижесі. Оны «Великий Мухаммед из Отрара» мақаласы анық аңғартады.

Ғ. Қабышұлы

Әл-Фараби мұралары тек зерттеуші ғалымдардың ғылыми жұмыстарына ғана арқау болып қойған жоқ, сонымен қатар, оның бейнесі қаламгер-жазушылардың да шығармаларының негізгі тақырыбы болды. Тарихи тақырыпты жүйелі түрде тереңдеп меңгерген жазушыларымыздың бірі – Әнуар Әлімжанов данышпан философ әл-Фараби жайын баяндайтын шығарма – “Ұстаздың оралуы” атты романын жазды. Онда ақылгөй-ғалымның өмірі әр түрлі қырынан беріледі. Осы романға іргелі талдау жасаған көрнекті ғалым Р.Бердібаев әл-Фараби бейнесін “Ол өзі жасаған музыкалық аспап – “қыпшағиға” қосылып ән де айтатын, күй де тартатын, қаламды ғана емес, қаруды да ұстай білетін, досқа мейірімді, шапағатшыл, әділдік үшін басын қатерге тіге алатын тұтас тұлға ретінде елестеткенін”, – жазады.

М.Салқынбаев

Бір ел- бір кітап» акциясы аясында таңдалған
М.Әуезовтың «Абай жолы» роман- эпопеясы мен
Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай өткізілетін

**“Абай жолы- халық жолы” атты
әдеби-сазды кештің сценарийі**

Мақсаты: Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, ақынның даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттап, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу. Көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу.

1-кітапханашы:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған,
Өлді деуге бола ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, - деп төрелігін өзі шешкен
Абай бүгін жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге
175 жыл бойы өмір сүріп келеді, мәңгі өмір сүре бермек! Ол өткен заманның, кешегі түркі дүниесінің соққан тынысы болса да бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды Абай –лебі, Абай - үні, Абай тынысы - заман тынысы, халық үні. Абайдың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді.

2 - кітапханашы :

Құрметті әдебиет сүйер қауым! Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған “Абай жолы- халық жолы”атты әдеби-сазды кешімізге қош келдіңіздер!

жалғасы болып табылатын “Абай жолы” (бұл да екі кітаптан тұратын) романын жазды. 1 - кітабы 1942, 2 - сі 1947, 3 - сі 1952, 4 - томы 1956 ж. жарыққа шықты.

1-кітапханашы:

“Абай жолы” эпопеясының танымдық мәні туралы айтқанда Абай заманын, сол ортаны, Абайдың ақындық, азаматтық тұлғасын, өнерпаздық жолын танытуы арқылы әдебиеттану, соның ішінде абайтанудың өзінің одан әрі өрістеп, дамуына әсер - ықпалы да аса зор болды дейміз. Эпопея дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған. 200 томдық “Әлем әдебиеті кітапханасы” топтамасында 2 том болып басылды.

2-кітапханашы:

«Абай жолы» - ғасырлық туынды. Төрт томды эпопеялық көлемді роман қазақ қоғамының ғасырлық, әлеуметтік, тұрмыстық, отбасылық ғұмырын мейлінше дәл, айқын, адал бейнелейді. Расында да суреткер қазақтың маңдайына біткен біртуар ұлы Абайды халқына сөз өнерімен сомдаған. Осындай алып дүниені жаза отырып Мұхтар Әуезов өзі де қазақ көгінде мәңгі өшпес жұлдызға айналды. Яғни, Мұхтар Әуезов – ғасырда бір туатын жазушы болса, «Абай жолы» - ғасырлық туынды, ғасырда бір туатын шығарма.

1-кітапханашы:

М. Әуезовтың « Абай жолы» роман-эпопеясы шәкірт Абайдың оқудан қайту шағынан басталады.Абайдың көңілі жай, алаңсыз.Тезірек еліме жетсем дейді, туған жерін,өскен ортасын, бауырларын сағынып келеді. Әжесі Зере мен анасы Ұлжанды, туған бауырларын көріп, құшақтасқанша асық. Абаймен бірге келе жатқан Байтас пен Жұмағалидың осы маңда ұры-қараның болатынын айтқанына сенбей, қайта оларды Абайдың өзі

1-кітапханашы:

«Абай жолы» — М. Әуезовтың әлемге әйгілі роман - эпопеясы. «Абай жолы» — қазақтың көркем прозасын классикалық стиль деңгейіне көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман - эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан - жақты ашып көрсеткен. Қазақтың дана ұлы Абай образын, мәңгілік тұлғасын сөз өнерінде өзгеше даралықпен сомдаған. Әуезовтың «Абай жолы» роман - эпопеясы әлемдік деңгейде ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі. Сондай - ақ, бұл роман - эпопея қазақ халқын, қала берді бүкіл түркі әлемін дүние жүзіне танытқан ұлы шығарма ретінде де танылды

2-кітапханашы:

«Абай жолы» роман - эпопеясы жазушының ұзақ жылғы ізденістері мен көркемдік танымының жемісі. “Абай” трагедиясын 1939 жылы Мәскеуде бастырды, кейін ұлы ақынның өмірін бейнелейтін опера либреттосын, киносценарий жазды. “Абай” трагедиясында оның жанрлық ерекшелігіне байланысты ақын өмірінің соңғы кезеңі, яғни, хакім Абай бейнеленген. Мұнда Абай халықтың қамқоршысы, халық мүддесін жақтайтын күрескер, өнер - білімді уағыздаған ағартушы ретінде көрінеді. Бұл трагедияға дейін - ақ Әуезов Абай жайында роман жазуға бел байлаған. 1937 ж. жазылған “Татьянаның қырдағы әні” атты үзінді болашақ романның тарауы ретінде жоспарланған болатын. “Татьянаның қырдағы әнін” оқушы - қауым жылы қабылдады. Көп ұзамай жазушы өз ойын жүзеге асыруға тікелей кірісті. Алғашқыда романға “Телғара” деген ат бермек болды. Автордың алғашқы мөлшерлеуінде роман үш кітаптан құралмақшы болатын. Алайда, жұмыс барысында оның шеңбері кеңейтіле түсті. Әуезов алғашқыда екі кітаптан тұратын “Абай”, онан кейін мұның

1-кітапханашы:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдарын, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма айтындаршы,
Өлмей тұғын артында сөз қалдырған.

-«Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы».- деді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

2-кітапханашы:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы , соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

«Көзімнің қарасы» әнін орындайды.

1-кітапханашы:

Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845—1904) — ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен.

Абай бір жағынан шығыс классиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Жәми тағы басқаларды оқыса, екінші жағынан А. С. Пушкин, А.И. Герцен, М.Е. Салтыков-Щедрин, Н.А. Некрасов, М.Ю. , Л.Н. Толстой, И.А. Крылов, Ф.М. Достоевский, И.С. Тургенев, Н.Г. Чернышевский мұраларын

оқып, терең таныс болған, Батыс әдебиетінен Гете, Дж. Байрон сияқты ақындарды оқып, Дрепер, Спиноза, Спенсер, Льюис, Дарвин сынды ғалымдардың еңбектерін зерттейді.

Презентация «Ұлы халықтың- ұлы Абайы»

2-кітапханашы:

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев:- *Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану - адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі - кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де - осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет. – деп айтқандай, құрметті қауым, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» айдарын Абайдың табиғат лирикасынан бастайық.*

1-оқушы: «Қыс»

2-оқушы: «Жазғытұры»

3-оқушы: «Күз»

1-кітапханашы :

- Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. – деп Міржақып Дулатұлы айтқандай Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – **қара сөздері**. Абайдың қара сөздері (Ғаклия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған

прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан.

1- оқушы: «19 қара сөз»

2- оқушы: «45 қара сөз»

3- оқушы: «7 сөз»

2-кітапханашы:

Ұлы ақын, ағартушы Абай музыкалық саласында да үлкен мұра қалдырды. Өзінің асыл өлеңдерін, қара сөздерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырса, музыкалық жөнінде оның мұндай мүмкіншілігі болмады. Өйткені, Абай өмір сүрген кезеңде қазақта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді, халықтық музыка ауыз дәстүрлік қалыпта еді. Сондықтан Абай әндері де қазақтың басқа халықтық ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан заманға ауыса отырып жетті. Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі – олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында.

1-оқушы: «Әсемпаз болма әрнеге»

2-оқушы: «Ғылым таппай мақтанба»

3-оқушы: «Сегіз аяқ»

4- оқушы: «Сабырсыз, арсыз, еріншек»

5- оқушы: «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы»

6- оқушы: «Білімдіден шыққан сөз»

7-оқушы: «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап»

«Желсіз түнде жарық ай» әні.